

С. Ж. Калибекова

**КӨРКЕМ СӨЗДЕГІ ӨНЕР
АДАМДАРЫНЫҢ БЕЙНЕСІ**
/АКСЕЛЕУ СЕЙДИМБЕК
ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ НЕГІЗІНДЕ/

Резюме

В статье повествуется о творческом пути, об общественных делах, содействующих развитию этнографических и этнологических исследований в нашей стране, о развитии понятия культуры кочевников и о весомом вкладе в становление казахской литературы писателя-публициста, этнографа, ученого Акселеу Сейдимбека.

Resume

This article covers the publicist- writer, ethnographer, scientist Akseleu Seidimbekov's creative path, social work his influence to the prosperity of ethnography and ethnological searches in our country, to form the idea of the rovers native culture and his large work on developing of Kazakh literature.

Özet

İçinde yaşadığı çağın ve birlikte yaşadığı insanların resmedilmesi yazarların amacıdır. Her zaman hayatla mücadele içinde olan yazarın bu konulardan uzak durması düşünülemez. Yazarın herkesten farklı bakış açısıyla atalarının ve kendi yaşadığı devri resmetmesi ve övmesi tabii bir durumdur.

Замана шежіресін жасау, адамдардың тұлғасын мүсіндеу – жазушының, публицистің ізгі мұраты. Әрқашан өмірмен өкшелесіп отыратын қаламгер ұлы дүбірден шет қала алмайды. Суреткердің қырағы көзі өзінің ата-бабасының өмір сүрген дәуірі мен өз кезеңінің оқиғаларының жаршысы болуды, соларды ардақтауды өзіне мақсат тұтуы – заңды құбылыс.

Публицистика жанларының белсендісі очерк жазу - үлкен өнер десек, өнер жайында очерк жазу - өнердің өнері болса керек. Халқымыз қызығып оқитын нәрлі өнер туралы очерк жазу үшін өмірді жетік білу аздық етеді, оны жан-тәніңмен түсінуді, түйсінуді, зерттеуді қажет етеді.

Қазақ әдебиетінің басқа жанлары сияқты кеңес дәуірінде, әсіресе, 1960-1980 жылдары очерк жанры сан жағынан да, сапа жағынан да ілгері адым жасады. Очерктің жаңа түрлерін өмірге әкелу, оның көркем түрінде өмірдің ақиқатын жинақтап, қорыту – осы кезеңдегі очерк нұсқаларына тән сипат. Қазақ халқының білімге, ғылымға құлаш сермегенін, мәдениетке кенелгенін жинақтап көрсететін көркем очерктер де осы кезең еншісіне тиеді. Бұл тұста қазақтың дәстүрлі музыка өнері мен оның тұлғалары, дәстүрлері туралы шығармалары - көпшілік түсінетін, жатық тілмен жазылған ғылыми-танымдық мәні бар еңбектер.

А.Сейдімбек шығармашылығын бажайлай зерттеп үнілсек, қазақтың дәстүрлі әдебиеті, музыкасы, бейнелеу өнері, қол өнері, сахна өнері, сәулет өнері, экологиялық мәдениеті, моральдық-этикалық ахуалы туралы очерктерді өндірте жазып, осы әдебиет жанры саласына мол үлес қосып келе жатқандығын айту артық болмас. Автордың біз талдағалы отырған – дәстүрлі музыка өнері, оның қайраткерлері жайындағы очерк түрлеріне ғана тоқталамыз. Жазушының жетпісінші-сексенінші жылдары халқымыздың өнерпаздығы туралы рухани асыл мұраларымыздың інжу-маржандарын асқан шабытпен, шығармашылық күш жұмсай жазғандығына көзіміз жетеді. Мысалы, А.Сейдімбектің «Күй-шежіре» [1,144 б] очеркінде зерттеу өрісіне жол ашқан. Бұл ретте М.Горькийдің: «Очерк- әңгіме мен зерттеу

арасындағы нәрсе» [2,56 б], - деген пікірі еске түседі. Мұның қисыны бар. Өткен өмірдің жақсы-жаманын ой елегінен өткізіп, адамдардың өсу жолына зер салу – очеркшінің негізгі міндеттерінің бірі. Міне, А.Сейдімбектің «Күй-шежіре» очеркінде қолда бар қазынаның бүгінгі рухани әлемімізге әсері қалай деген сауалға жауап іздеген секілді. Автор қазақ халқының ең мол рухани музыка өнері туралы атақты ғалымдар пікірлерінен үзінді келтіре отырып, халықтың өмір шежіресімен сабақтастырып зерттеген. Бұл очеркте жалаң баяндаудан гөрі музыкалық байтақ мұраларымыздың жету жолдарын түсіндіріп, айғақ-дәлелдермен жарқын суреттейді.

Очеркші қазақтың дәстүрлі музыкасының басталуын біздің заманымызға дейінгі үшінші мыңжылдық аясында тасқа түскен бейнелерде музыка аспаптарын бейнелегенін, Орта Азия мен Қазақстандағы музыкалық дәстүр тамыры тым әріде жатқандығына көз жеткізе жазады. Бұл очеркте қобыз, қыл қобыз, домбыра, сыбызғы, сырнай сияқты музыкалық аспаптар туралы ең алғаш аталған байырғы жазбалар мен қазіргі осы аспаптардың басқа елдерде аталуы, біздің аспаптардан айырмашылығы мен ұқсастықтарына кеңінен тоқталады. «Күй - шежірені» оқып отырып, қазақтың халық музыкасы туралы, сан-салалы ерекшеліктері жайында небір сүбелі деректерге кезігіп, эстетикалық тағылым алуға баулиды. Бұл очерктің құнды тұсы А.В.Затаевичтің «Қазақ халқының 1000 әні» және «Қазақтың 500 әні мен күйі» атты жинақ кітаптарының бірінен соң бірі жарық көруі қазақ халқының музыка мұрасына үлкен үлес екенін очерктің негізгі компоненттері, публицистикалық жинақтау, тарихи параллельдер көмегімен жеткізе білген. Автор дәстүрлі музыка халықтың тарихи тағдырымен тамырлас екені, ең жанды шежіре болғанын оқып отырған оқырманның өзіне пайымдатады. Бұл очеркте қазақ музыкасы фольклорының шығу тегін бес кезеңге бөліп қарауды ұсынуын игі іс деп бағалаған дұрыс.

А.Сейдімбектің «Сайдалы Сары Тоқа» атты автобиографиялық көркем очеркіне тоқтамай кетуге болмайды. Бұл очеркте Арқа өнерпаздары арасында аты белгілі Тәттімбетпен қатар аталатын Тоқа Шоңманұлының мұраларын, өмір сүрген дәуірін, күйші-композиторлық өнерін тілге тиек етеді. Автор Сайдалы Сары Тоқаның өз заманында қандай адам болғанын, күні бүгінге дейін ел арасында айтылып келе жатқан аңыз - әңгімелерге, көз көрген ақсақалдар сөзіне сүйене отырып, дәйектемелер арқылы суреттейді. Ең бастысы, бұл очеркте Сары Тоқаның қара қылды қақ жарған әділдігі, бір беттілігі, небір сөз жүйріктерімен кездескендегі кестелі өлеңімен көзге түскен шешендігін көре аламыз. Сары Тоқаның «Төрт толғау» деген күйінің бір қасірет шектірген оқиғаға орай шыққандығын автордың тәптіштеп баяндаған жерлерінің оқушы үшін танымдық және тәрбиелік мәні бар тұстары көп десек артық болмас.

Сайдалы Сары Тоқаның «Сатыбалды Сары Тоқаның үйіне Тәттімбеттің келгені туралы» айтқанының нақты шындықтан алынғандығы, тұп-тура растығына оқушының көзін жеткізеді. Осы келген сапарындағы Ықыластың «Жез киік» күйінің туу себептерін баяндай отырып, кейіпкерлердің өмірдегі орны емес, қайта оның ішкі жан-дүниесін ашатын қызықты әңгіме іздейді. Тоқаның «Саржайлау», «Терісқақпай», «Қосбасар», «Бозайғыр», «Белшешер» т.б. күйлерін Сүгірмен айтысында ортаға салып, соңында «Төрт толғаудан» Сүгірдің тосылуы жайында әңгімелейді. Бұл очеркті оқу барысында Қыздарбек Төребайұлы, Итаяқ күйші, Найманның Шашақ күйшісі, Сүгір, Ықылас сияқты майталман музыка қайраткерлері туралы және Сайдалы Сары Тоқа заманында өмір кешкен өнер адамдарының болмыс-бітімі, тіршілік-тынысы кеңінен көрсетіліп, деректер мен мәліметтерге молынан қанығасың.

«А.В.Затаевич» [3] атты очеркінде осы автор қалайша қазақ музыка мәдениетін ғылыми зерделегеніне талдау жасалады. Шын мәнінде, қазақ музыкалық фольклорын жинаудың негізін қалағандығы, халық мұрасына деген ілтипаты, қамқорлығы шын мағынасында ашылған. Бұл очеркте қазіргі музыкалық фольклор проблемалары көтеріліп, сол проблемалардың шешілу жолдары ұсынылып, міндеттер қойылады.

Автор жан-жақты зерттеген деректі материалдардың олқы тұстарына да тоқталған. А.В.Затаевичтің еңбегінің олқы тұстарын былай зерделейді: «Мәселен, мыңға тарта ән мен күйдің бірде-бірі нотаға толық түспеген, сөздері жазылып алынбаған. Жинаушы-фольклорист өз талғамындағы ең мәнді деген пікір-пайымдарын ғана жазып алған. Дәл қазір А.В.Затаевичтің үш жинағын ашып жіберіп, бірде-бір әнді немесе күйді бастан-аяқ халықтық үлгіде орындап

шығу мүмкін емес» [3,147-150 б], - деп музыка фольклорын жинау мен зерттеу деңгейінің жай-күйі қанағаттанғысыз екеніне жұртшылық назарын аударады.

«Ақын мен күй» очеркінде А.Сейдімбек қазақтың Құрманғазы атындағы академиялық оркестрі мен ақын Хамит Ерғалиев туралы сыр шертеді. Құрманғазы Сағырбайұлының шығармашылығына арналған концерттің бастан-аяқ халық қошеметіне бөленіп өткендігін көзбен көрген автор музыкалық жетістіктерге молынан орын берген.

Ғ. Мүсіреповтің: «... жазып жүрген очерктеріміз көркем шығармадай болсын, ал көркем шығармамыз очеркке ұқсап кетпесін деп қатаң талап қоюдың кезі жетті» [4,584 б], - деген тұжырымын автор басшылыққа алып отырған сияқты.

Құрманғазы атындағы оркестрдің концертін “Құрманғазы” поэмасының авторы Х.Ерғалиев жүргізгендігін жазушы жалаң ғана баяндап қоймай, солардың тағдыры, қылығы, іс-әрекеті арқылы күрделі, әрі сан алуан байланыстар мен қарым-қатынастарды аша білген. Осы тұста очерк жанрын жан-жақты зерттеген Төлеубай Ыдырысовтың “Шеберлік бастауы” кітабында: “Очерк қаншама нақты, қаншама “адресі бар” шығарма болғанымен очерктен эстетикалық ләззат алуға тиіспіз” [5,53 б],- дейді. А.Сейдімбектің дәстүрлі музыка қайраткерлері туралы очерктерінен өмірді көркем нақышпен бейнелегенін толық көруге болады. Сондықтан да бұл очерктерде фактілер мен оқиғалар жаңа мазмұнға, көркем образға негізделген. Очерктегі публицистикалық элемент автордың баяндау толғаныстарынан анық сезіледі.

“Көз көріп, құлақ естімесе – поэзия мен күй қатар қанат қағыпты десе, тосаңсуымыз да кәдік. Жоқ, бұл кеште ондай күдіктің қылаудай нышаны да сезілген жоқ. Оның орнына Ақан Серіні Құлагерімен көргендей, Біржан – Сарамен, Естай – Қорланмен қатар отырғандай, Сәкен Оқжетпеске сүйеніп тұрғандай күй кештік. Өйткені, көкірегінде саңылауы бар тыңдаушы үшін, Құрманғазы күйші – Құрманғазы атындағы оркестр – “Құрманғазы” поэмасы бірін-бірі толықтырып, бір-біріне шабытын жаныған бірегей айрықша құбылыстар ғой” [3,152 б]. Бұл тұстан автордың концертті тыңдау барысында өз қабылдауындағы, өз түйсігіндегі құбылыстарды бейнелі суреттей білгендігін, бұл очерктің танымдық белгілерінің қадірін күшейтіп тұрғанын көреміз.

Дәстүрлі музыка және оның қайраткерлері туралы очерктерінде А.Сейдімбек сол адамдардың ата-тегін, балалық шағынан бергі өмірбаянын тәптіштей бермейді, керісінше, оқиғаларды қоюлатып, образдарды ажарландыруға, дәуір кезеңін елестетуге өмірбаян тізбектерінің қажет жерін ғана алып отырады. Автор өзі байқаған, көрген, не естіген қызық-қызық елестерді шығармашылық ой елегінен өткізіп, асқақ шабытпен бейнелеген. Мысалы: “1933 жылы Музыкалық драма техникумындағы домбыра үйірмесінің негізінде Ақаң-Ахмет Жұбанов оркестр ұйымдастырды. Халқымыздың байырғы аспаптарын оркестрге айналдыру бүйректен сирақ шығару емес, немесе, еліктеп солықтау да емес, ең алдымен бай музыкалық дәстүрі бар халқымыздың рухани талғам-талабының заңды жемісі еді” [3,153 б] деген. Бұл оркестрдің кешесі, бүгіні, оған төрт-бес толқын ұрпақтың қабілет-дарыны бағышталғаны шыншылдықпен баяндалады. Бұл тұстан очеркшінің оқиғаны өз көзімен көріп, өз атынан баяндауы, әрі әсерлі, әрі дәлелді болып шыққаны даусыз.

Дәстүрдің озығы ғасырлар бойы өмір сүретіні, халықпен бірге жасайтыны белгілі. Әсіресе әншілік, күйшілік өнеріміздегі дәстүр мәселесі туралы очерктерді өндіріп жазған жазушы Ақселеу Сейдімбектің очерктері қомақты және өнегелік, тағылымдық қасиеттерге толы. Автор әннің, күйдің шығу себебі, ән сөзінің көркемдік үлгісі, шығарушы, күйші, әншінің өмірге араласуы, дәстүрдің жарқын айғақтарының кеңінен толғануы очерк үшін айрықша мәні бар деуге болады.

Біз жоғарыда А.Сейдімбектің дәстүрлі музыка қайраткерлері туралы санаулы очерктеріне талдау жасадық. Енді ойымызды қорыта келіп, қаламгер очерктеріне тән өзіндік ерекшеліктері қандай деген сауалға былай деп жауап беруге болатын сияқты. Біріншіден, бұл очерктерде кеше мен бүгін, дәстүрлі музыка өнері, оның қайраткерлері өмірлерінің өзекті, кесек мәселелерін алып, өз очеркіне өзек етеді. Екіншіден, дәстүрлі музыканың озығы мен тозығы дәріптеліп, ол көпке үлгі-өнеге ретінде алға тартылады. Үшіншіден, бұл очерктердің оқиға

желісі қызықты, факті мен деректерге де бай. Сонымен, А.Сейдімбектің дәстүрлі музыка және оның қайраткерлері туралы очерктерінен дәуір үні естіліп, келелі істердің, өрелі оқиғалардың лебі сезіліп тұратынын айқын көруге болады.

Очерк жанры - әдебиет пен мәдениеттің өзекті мәселелерінен келелі ой қозғау, пікір айту үшін таптырмайтын форма. Сонымен қатар, очерктің танымдық, білімдік қадірі күшті және оқырманды тың мағлұматтармен қамтамасыз ете отырып, жаңа адамды қалыптастыруға, отаншылдық рухында тәрбиелеуге икемдейді. Очеркте өзі суреттеп отырған оқиға мен құбылысқа баға беріп, оның әлеуметтік мәнін ашады. Өнердің басқа түрлері сияқты, очерктің де бірнеше түрі бар және оның пайда болуы қоғам дамуы мен экономика, мәдениеттің қауырт өсуіне сәйкес қажет түрлері белең алғаны тағы аян. Тақырыбы мен көтерген мәселелеріне орай көркем очерк түрлері: “өндірістік”, “тарихи”, “мінез-құлық” т.б. деп бөлініп жүр. Соның ішінде мәдениеттің түйінді мәселелері жөнінде келелі ой қозғау, пікір айту мақсатында музыка өнері, сурет өнері, бейнелеу өнері, сөз өнері жайында очеркшілер оқырмандармен сыр шертісе отырып, оның проблемаларын ортаға салуды үрдіске айналдыруда.

Қазақ әдебиетіндегі сөз өнерінің бір бөлігі - айтыс жанры. Айтыс өнері жайындағы очерктерде де автор көкейіндегі ойын өз атынан баяндай отырып, ой-өріс диапазонын, өмірді зерттеу қабілетін топтап, белгілі бір айтыс ақынының өнеріне баға беріп, артықшылығы мен кемшілігін де жайып салады.

Қай жерде болмасын, мәдениет пен әдебиеттің төңірегіндегі болып жатқан маңызды істер, оқиғалар, жаңалықтар очерктерде бейнеленіп жүр десек артық болмас. Соның ішінен айтыс өнері тарландарының өнегелі өмірі, сыр-сипаты, рухани және адамгершілік қасиеттері, бет-бейнесі мен қадір-көркі де осы көркем очерктер арқылы ашылып, жақсылық пен жаңалық атаулыны осы жанр тұжырымдап беруге үлес қосып келеді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Сейдімбек А. Күңгір-күңгір күмбездер. - Алматы: Жалын, 1981.
2. Журбина Е.И. Теория и практика художественно-публицистических жанров. (очерк, фельетон). – М; Мысль. 1969. - 56 С.
3. Сейдімбек А. Сонар. - Алматы: Жалын, 1989.
4. Мүсірепов Ғ. Таңдамалы. Үш томдық. – Алматы: Жазушы, 1980.
5. Ыдырысов.Т. Очерк және бес жылдық. – Алматы: Қазақстан, 1982.